Павлодар облысы Ақсу қаласы Ақжол ауылдық округінің Куйбышев ауылының атауын өзгерту туралы.

Павлодар облыстық мәслихаты мен әкімиятының (III сайланған XX сессия) 2006 жылғы 21 шілдедегі N 81/20 шешімі мен қаулысы. Павлодар облысының әділет департаментінде 2006 жылғы 7 тамызда N 3071 тіркелді.

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 6-бабы 1-тармағының 4) тармақшасына, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы" Заңының 25-3-бабына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 5 наурыздағы "Қазақстан Республикасындағы кәсіпорындарды, ұйымдарды, мекемелерді, темір жол станцияларын, әуежайларды, сондай-ақ физикалық-географиялық объектілерді атау мен қайта атаудың және олардың атауларының транскрипциясын өзгертудің тәртібін бекіту туралы" N 281 қаулысына , облыстық ономастика комиссиясының 2006 жылғы 19 сәуірдегі қорытындысына сәйкес және Куйбышево ауылы тұрғындарының пікірлерін ескере отырып, облыстық мәслихат пен облыс әкімдігі ШЕШІМ қабылдады:

Ақсу қаласының әкімшілік-аумақтық құрылысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

Ақсу қаласы Ақжол ауылдық округіндегі Куйбышев ауылының атауы Ақжол ауылы болып өзгертілсін.

Осы шешімнің орындалуын бақылау облыстық мәслихаттың азаматтардың құқығы мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету және ақпараттық саясат мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

Сессия төрағасы Р. Ғафуров

Облыс әкімі Қ. Нұрпейісов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК